

Бекітемін: 
 Оқу ісінің орынбасары: Умбетова.Г

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық топ				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Қараша 1-апта 04.11-08. 11.2024				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	04.11.24ж	05.11.24ж	06.11.24ж	07.11.24ж	08.11.24ж
Күн тәртібі	<p>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 3 -Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы. Апта дәйек сөздері: «Әділдік белгісі –білі тұра бұрмаса ,Ақылдының белгісі –өткен істі қумаса». (Асан Қайғы)</p>				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналарды балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аударатырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін тандауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Бес асық»</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазына» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ақ сүйек»</p> <p>Вариативтік бағдарлама Өнерлі екен он саусақ Тақырыбы: Аққала Шарты: Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «көкпар»</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Қол күрес»</p> <p>Вариативтік бағдарлама Ұлттық ойындар Тақырыбы: Түйілген орамал Шарты: Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3»</p>

					<p>- деп дауыстайды. О кезде балалар жан-жаққа бығырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала каша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы</p>
	<p>Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу</p>				
<p>Танертенгі жаттығу</p>	<p>Таңғы жаттығу кешені: 1. "Сағат тіліндей қозғалайық". Б.к - аяқты сәл алшак қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 2. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Б.к - аяқты сәл алшак қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. ""Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Менің Қазақстаным» ҚР гимні Мен әдепті баламын»</p>	<p>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша</p>	<p>"Мысық пен тышқан". Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтарымен қашуды көрсетеді) Қатты, қатты жүгірді.</p>	<p>«Жұбын тап». Мақсат-міндеттер. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Үстел ойыны. «Сурет бойынша жинастыр». Мақсат-міндеттер. Танымдық қабілеттерін</p>

	<p>Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал көнеки бөріміз, Сәлем дейік үлкенге.</p>	<p>сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету. Барысы. Жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>(жылдам жүгіреді) Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды) Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, (көздерімен жан-жаққа қарайды) Тышқанға "Бері шық," - деді. (кабағын түйеді) Еденді ұрды «Тук-тук» деп, (айқасқан жұдырығымен еденді ұрады) Тырналады, кетпеді. (еденді тырналайды) Былай-былай тартады. (айқасқан жұдырығын екі жаққа тартады) Бұза алмады камалды. Амалы құрып мысықтың, Үйіне қарай қайтады. Қуанып тышқан есікті, (айқасқан жұдырығына қарап үрлейді) Жәй ғана кеп үрледі. «Алақай, есік ашылды», - деп, (қолдарын айқара ашады) Ініне қашып үлгерді.</p>	<p>Ойын атрибуттары. Жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойынды бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы «Шар, текше, цилиндр» Міндеті: текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету; - логикалық байланыстар мен заңдылықтарды</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы «Дыбыстар әлемі» Міндеті: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру . Сурет салу</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы «Шар, текше, цилиндр» Міндеті: текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету; - логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту</p>	<p>Математика негіздері . Тақырыбы «Шар, текше, цилиндр» Міндеті: текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету; - логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы «Дыбыстар әлемі» Міндеті: тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру; - достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p>

<p>орнату, санау дағдыларын дамыту</p> <p>Қазақ тілі Тақырыбы : Менің пәтерім (үйім) Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз – болашақ әскерміз!» Міндеті: заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру</p> <p>Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы «Алғашқы қар.» Міндеті: дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;</p>	<p>(Шығармашылық іс-әрекеттер) Тақырыбы : « Гүлдене бер, Қазақстан! (Акварель бояу)» Міндеті: балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту</p> <p>Музыка Тақырыбы: « Біздің рәміздер Міндеті: әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы : « Аңдар қысқа қалай дайындалады?»</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы «« Дыбыстар әлемі» Міндеті: тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру; -достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы : «Біздің стадион» Міндеті: кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру. Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыр</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы «Тәуелсіз Қазақстан.(өлеңмен таныстыру)» Оразақын Асқар Міндеті :Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы «Алғашқы қар.» Міндеті: балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту; -туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу</p> <p>Музыка Тақырыбы: « Біздің рәміздер Міндеті: әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату</p> <p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Менің бөлmem» Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы. Менің отбасым. Менің үйім Міндеті: еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы «Тәуелсіз Қазақстан.(өлеңмен таныстыру)» Оразақын Асқар Міндеті Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту</p> <p>Қоршаған ортамен Таныстыру Тақырыбы: « Аңдар қысқа қалай</p>
--	--	---	---	---

		Міндеті: жануарлардың (андардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру; -логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту	деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту		дайындалады?» Міндеті жануарлардың (андардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру; -логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	<p>Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; зейін мен жадын белсендіру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге</p>	<p>Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратындығын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау.</p> <p>Зерттеу. Көгершін мен тоқылдақты салыстыру.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша аумағында жемшашарларды ілу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Еңбек әрекеттерін орындауға</p>	<p>Теректі бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Зерттеу. Лупа арқылы жаңа түскен жапырақты қарау.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бағбандар", "От жағушылар".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Педагогтың белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін</p>	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы коқыстардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Орындалған жұмысқа сүйсініп, қуануға үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Үйсіз қоян".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке</p>	<p>Жаяу жүргіншілерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың тамырына түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бағдаршам".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ептілікті</p>

	<p>тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Құстар". Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша әрекеттерді орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Жалауша". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруге үйрету.</p>	<p>үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшу, секіру, жүзу". Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглді құлат" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.</p>	<p>жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: бір аяқпен секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Күшпен итеріліп, аяқпен нық түсуді жетілдіру.</p>	<p>тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Дене қимылдарын жетілдіру.</p>	<p>дамыту, бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жендерін түріп, колдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттер. Жемістер мен көгөністер жайындағы балалардың білімдерін пысықтау, жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; достық қарым-қатынас құруға ынталандыру. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Сабағы мен тамыры". Мақсат-міндеттер. Балалардың көгөністердің өсуі, пісуі, өнуі туралы білімдерін нақтылау; достық қарым-қатынас құру іскерлігін, зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту; зияткерлікті дамыту, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көгөністердің үлестірмелі сурет-карточкалары. Шарты. Балалар қолдарына түскен көгөністердің суреттеріне</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке караганда, бірден байқалмайтын бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан сон</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі</p>	<p>Логикалық ойын. "Бұл бұрын не болған?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі, жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог</p>

	<p>атау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>қарап, олардың топырақ үстінде, әлде топырақ астында өсіп, өнетіні туралы айтулары керек. Балалар өз жауаптарын құрастырып, көгөністерді екі топтамаға жинайды: сабағында және тамыр арқылы пісетін көгөністер. Балалар екі топтаманы жинауы мүмкін. Топырақ астында пісетін көгөністерді атайды: сәбіз, шалқан, қызылша, картоп, пияз. Топырақ үстінде пісетін көгөністерді атайды: кияр, қызанақ, баялды, бұрыш, қырыққабат. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала, өнерін көрсетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. Шарты Балалар педагог суретте көрсетілген оқиғаны сипаттап, оқиғаның алдында қандай логикалық құбылыстардың болғанын болжап айту керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс осыдан бұрын не (кім) болған? Атайықшы." Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: сары жапырақ жазда; қыстағы дала мұз айдыны; ересек адам; нан, қыстағы қар жауыны; қаз, жылқы; күндіз мезгілі; қасқыр; үй ғимараты; үлкен емен ағашы; терезе бетіндегі оюлар; дән масағы; балапан; көктемде жылғалардан аққан су; сары жапырақтар жауыны; танертенгі мезгіл; түлкі; орындық; адамдардың арасындағы достығы алдында; ірімшік, т.б..</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру). Мақсат-міндеттер. Қарапайым сұрақтарға</p>	<p>"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.</p>	<p>"Сиқырлы "н" әрпі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың "н" әрпін дұрыс айтуларын қадағалау. Балалар "н" әрпі бар сөздерді</p>	<p>Әңгіме құрастыру. "Табиғат". Мақсат-міндеттер. Баланың сөздік қорын табиғатқа байланысты сөздермен сөздермен байыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Фотоаппарат". Мақсат-міндеттер. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын</p>

	жауап беруге үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, қазақ тілі)	(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	анық айтулары қажет. Мысалы: аң, таң және т.б.. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе кез-келген басқа суреттер. Сипаттамасы. 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастану және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қою: "қанша, қандай түс" т/б
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған жағдайда оларға көмектесу.				
Серуен	Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; зейін мен жадын белсендіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарды емдеу үшін	Көгершіндерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратындығын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. Зерттеу. Көгершін мен тоқылдақты салыстыру.	Теректі бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу. Лупа арқылы жаңа түскен жапырақты қарау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту. Мақсат-міндеттер. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс	Маусымдық өзгерістерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы коқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттер. Орындалған жұмысқа сүйсініп, қуануға үйрету. Қимыл-қозғалыс	Жаяу жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың тамырына түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау. Мақсат-міндеттер.

	жұмыс күшін ұйымдастыру. Мақсат-міндеттер. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу.	Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша аумағында жемшашарларды ілу. Мақсат-міндеттер. Еңбек әрекеттерін орындауға үйрету.	ойындары. (дене шынықтыру) "Бағбандар", "От жағушылар". Мақсат-міндеттер. Педагогтың белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру.	ойындары. (дене шынықтыру) "Үйсіз қоян". Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу.	Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бағдаршам". Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыту, бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Сурет салудан ойын-жаттығу "Тауыс" Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздың ортасына, оның толық бетін пайдаланып, тауыс бейнесін салу амалдарын игерту. Жапсырудан ойын-жаттығу "Жомарт күз" Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша санырауқұлақтың қалпақшасын, қағаздан кішкентай шеңберлер кию арқылы, тіктөртбұрыштан санырауқұлақтың түбіртегін қағаз бетіне жапсыруға үйрету. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».	«Ашық есік күндері» балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекетін, жұмыстарды қарау.	«Менің баламның армандары».	"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	Қимылды ойынның бала өміріндегі рөлі (топ жиналысы).

Бекітемін: 
 Оқу ісін орындағандары: Умбетова.Г

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	Мектепалды сынып				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Балалардың жасы	5 жастан балалар				
Педагогтің аты- жөні	Сейткалиева.Б				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Қараша 2- апта 11.11 - 15.11.2024ж				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	11.11.23ж	12.11.24ж	13.11.24ж	14.11.24ж	15.11.24ж
Күн тәртібі	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 3-Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы. «Апта дәйексөздері» «Баламен шынайы болған жағдайда ,ол әділдікке үйренеді» (Мария Монтессори)				
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне	"Бөлме өсімдіктерін суғару".	"Орындықтарды жуу".	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".	"Ойыншықтардағы тәртіп".

<p>қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Максат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Максат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет ететіні туралы білімдерін толықтыру, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көленкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Максат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынталанып көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Вариативтік бағдарлама Өнерлі екен он саусақ</p>	<p>Максат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды тандау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>Максат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Вариативтік бағдарлама Ұлттық ойындар Тақырыбы: Соқыр теке Шарты: Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.</p>
--	--	--	---	---	---

			<p>Тақырыбы: Үйрек Шарты: Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.</p>		<p>Балалар: Бота, бұзау, козы, лак</p> <p>Қайда кеткен құлыншак</p> <p>Соқыртеке бақ-бақ</p> <p>Мені ізден тап-тап</p> <p>Деп такпактайды.</p> <p>Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түргіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылайын жалғаса береді.</p>
<p>Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбеккорлықка , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу</p>					
<p>Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Дамығушы ойын. «Вагондарға дөңгелек таңдау».</p>	<p>«Дәл осындай пішінді тап». Ойынның мақсат-</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Куыр, куыр, куырмаш, Куыр, куыр, куырмаш,</p>		<p>Дидактикалық ойын. «Домино». Мақсат-міндеттер.</p>

